Қарадым.
10.05.2024

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы ___________________________________

Топ: ерте жас топ

Балалардың жасы: 1 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.05 - 17.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні ___________________________________

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "Баланы үстел басындағы тамақтану тәртібіне қалай үйретеміз?", "Баланың өздігінен тамақтануына көркем сөздің жағымды әсері", "Баланы өз-өзіне қызмет етуін мақтаудың маңызы". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Қырауларды бақылау".** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау. | **"Үстел-үсті ойыны"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті, аспидистраны су құйғыш арқылы суаруды көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Пирамиданы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопақшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қиылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшаға салып қояды.<br>Жұмыс жасалғаннан | **Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>*"Көктемгі бау-бақша".*<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, | **"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу.<br>Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары.<br>Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді.<br>*"Доп".*<br>Доп, доп, доп, доп домалақ, | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Сиқырлы қорап"<br>Мақсат-міндеттер. Пішіндер - доп пен кубты, шеңбер мен квадратты ажырата білуге үйрету; пішіні мен мөлшері туралы жалпы түсінік беру; түстер туралы білімдерін бекіту, манипуляциялық әрекеттер арқылы қол моторикасын дамыту;тәуелсіздікк е және қызығушылыққа тәрбиелеу. | **"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің |

| | |
|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>«Аю оянды».<br>Б.қ. тегін - қолыңызды жоғары көтеріңіз, созыңыз.<br>«Аю бетін жуады»<br>Б.қ. аяқтар бөлек, қолдар белде.<br>- «Суды алу» үшін еңкейіп, қолымызды төмен түсіру.<br>«Аю жидектер жинауға велосипедпен кетті»<br>Б.қ. арқаңызда жатып, білекке сүйеніңіз.<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>«Аю жидектер піскен жерге қарайды»<br>Б.қ. еденде отырып, қол белде.<br>- Екі жаққа бұрылыс жасау.<br>«Аралар ұшады»<br>- Жүгіру<br>«Аю аралардан қашады»<br>Б.қ. Еркін.<br>- Қолды алға, жоғары және төмен сілтейміз.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | |
|---|---|
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қатар-қатарға тұрайық,<br>Марш басайық!<br>Марш басайық!<br>Мінеки, қандай балалар!<br>Марш басады сарбаздар!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Дене шынықтыру "Шалқан өсті" Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоционалды реакциясы мен ойын әрекетіне қатысуға деген құштарлығын ояту; балаларды негізгі қимылдарды орындауға жаттықтыру (кедергі бойынша төрт аяғымен жүру және допты алға және төмен лақтыру және оны ұстап алу); педагог соңында топ болып жүрудегі балалардың дағдыларын бекіту (күрделендіру - «Ағын арқылы» қимылды ойынындағы заттар арасында жүру; алға секіруді қиындата отырып, балаларды екі аяқпен секіруге үйретуді** | **Музыка** "Қош келдің, жаз!" Мақсат-міндеттер. Музыка өнерінде балалардың қызығушылықтарын арттыру; музыка өнері саласы арқылы бүкіл әлемге деген көзқарасын қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін дамыту. Музыка саласында ересек адаммен және баланың өзара байланысы. | **Дене шынықтыру "Қоянмен бірге жазғы саябақта серуендейік" Мақсат-міндеттер. Әр түрлі қимыл түрлерін дамытуды жалғастыру; жаттығуларды дұрыс орындау, оларды бастапқы қалыпта алуға үйрету, балаларды құрсаудан өтуге, жатқан заттардың үстінен және астынан өтіп жүруге үйрету; ептілікті, икемділікті, төзімділік пен үйлесімділікті дамыту; дене шынықтыруға деген қызығушылықты тәрбиелеу; балалардың жаз туралы білімдерін кеңейту.** | **Дене шынықтыру** "Жазда спортпен шұғылданамыз" Мақсат-міндеттер. Балалардың денешынықтырулары н нығайту; балаларды екі аяқпен секіруге үйретуді жалғастыру; жұмсақ серіппені, би қимылдарын көрсетуге үйретуді жалғастыру; педагогтан кейін топ болып жүру және жүгіру жаттығулары; кедергілерден өту, аяқ ұшімен жүру, төрт аяғымен жорғалау жаттығулары; балалардың жаз туралы білімдерін кеңейту. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Қанқызы ұшып келді" Мақсат-міндеттер. Есу, үзіп алу, басу тәсілдерін үйренуді жалғастыру, көзге елестету мен ұсақ қол маторикасын дамыту, баланың сөздік қорын дамыту; ермексазбен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. |

| | |
|---|---|
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Жылдың осы мезгіліндегі көктем мен құстардың мінез-құлқы туралы түсініктерін кеңейту; білімді жаңа сөздермен, ұғымдармен байыту<br>Құстар, құстар келеді,<br>Жерді шуға бөледі.<br>Көктем келді деп бізге,<br>Жақсы хабар береді.<br>**«Құстар ұшады» қимылды ойын (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Құстардың қимылдарына еліктеуге, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету.<br>Балалар - «құстар» | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жансыз табиғат құбылыстарымен, күнмен бірге болып жатқан өзгерістермен таныстыруды жалғастыру. Серуен кезінде жақсы көңіл-күйді сақтау.<br>Балалардың назарын күнге аудару. Күн қандай? Күн қалай жарқырайды?<br>Армысыз, шұғылалы-<br>Алтын күн!<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын келді күн.<br><br>**Қимылды ойын “Кептерді қуып жет”**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың денсаулыққа, ойынға | Бақбақты бақылау. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Гүлденген бақбақты бақылауды жалғастыру.<br>Экологиялық міндет: Көктемгі алғашқы гүлдерді байқай білуге үйрету.<br>Табиғат әсемдігіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Аппақ, аппақ бақбақтар,<br>Тура киіз ақ үйлер.<br>Төнеді кеп жан-жақтан,<br>Тамашалап сәбилер.<br>(М.Әлімбаев)<br><br>**«Бақбақ» жаттығуы**<br>Көктем, жазда басына,<br>Сары қалпақ киеді.<br>Күзге қарай қалпағы, | Жәндіктерді **бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды.<br>Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік | **Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру.<br>Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық.<br>Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды.<br>Күн жарқырамаса-бұлтты. Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды.<br>Аяз мұрын мен құлақты шағып алады. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | |

| | |
|---|---|
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті<br>ойындары,<br>бейнелеу іс-әрекеті,<br>кітаптарды қарау<br>және<br>басқалар)** | **Ойын-имитация.<br>"Көктемгі бау-бақша".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).<br>***"Көктемгі бау-бақша"***.<br>Жауындарды шақырып,<br>Күнде күтіп жүреміз.<br>Бау-бақшаның гүлдерін,<br>Тамашалап көреміз.<br><br>Көбелектер, жәндіктер | **«Көктемде киілетін киімдер» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жыл мезгіліне сай киімдерді таңдай білуді үйрету.<br>Ойын барысы: балалардың алдындағы үстелдің үстінде жазғы және көктемгі киімдердің суреттері берілген. Балалар қысқы және көктемгі киімдерді екі топқа бөлек жинайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** | **Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету.<br>**"Шапалақты тыңда" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.<br>Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады.<br>**(музыка)** | **"Аралар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады.<br>- Аю майманδап келеді,<br>Балды алғысы келеді.<br><br>Ай-ай-ай, аю, байқа!<br>Аралар жан-жақта! | **"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".**<br>- Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(құрастыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Жауын" қимыл жаттығуы.**<br>- Жауын, жауын!<br>Жаума! Тын!<br>Жас балаларды<br>Жаураттың.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **"Түстер" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка)** | **"Көбелек".**<br>Ермексазды илеу, бағандарды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** | - Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| Серуенге дайындық | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Серуен | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Нан мен қасықты ал да,<br>Тамақ ішуді баста!<br>(Тусипжанова-Шагирова А.)<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыру керектігін айтады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |

| | |
|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі- үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Қыс қызығы тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты- ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау). Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.<br>Өнер бұрышында қарды, аққаланы мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдау, қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату.<br>Табиғат бұрышын және қоршаған ортамен танысуға арналған ойындар. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Қоршаған ортадағы жануарларға (лақ, бота, құлын), құстарға (тауық, үйрек, қаз) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталау. Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, сондай-ақ құммен және сумен ойындарда лас суды ішпеу және төкпеу, құмды, топырақты шашпау). |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Ересектердің күнделікті еңбегі жайында баланың хабардар болуының маңызы", "Балаға "жоқ" сөзін қандай жағдайларда қолданамыз?". |